**Қ.Р. Жоғарғы сотының төрағасы**

**Қайрат Әбдіразақұлы Мәмиге.**

Атырау облыстық сотының төрағасы

**Марғұлан Жұбанышұлы Бектұргановқа.**

Б. Аругүлдің сенімхат бойынша өкілі

ордер бойынша адвокат Т.Боранғалиевтен жұмыс

орыны: Атырау облыстық адвокаттар алқасы

адвокат.Тұрағы: Атырау қаласы,

Рембаза, Гумаров көшесі №6- үй. Моб тел:

## Алғыс хат.

**20.07.2017** жылы Атырау облыстық сотының судьясы Нуржанова Б.Б. Атырау қаласы прокурорының және Қазахстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс -қимыл агенттігі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл Ұлттық бюросының (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Атырау облысы бойынша департаментінің басшысының назарына осы істі қарау барысында анықталған азаматша А.С. Сабитованың әрекетінде Жылыой аудандық сотында 2015 жылғы 06 ақпанда А. Бақтыбайқызына қатысты іс қаралғанда куә ретінде берген жауаптары бойынша ӘҚБтК-нің 659-бабының 1-бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтың құрамы бар-жоғын анықтап, тиісті шара алу үшін аударылсын деп жекеше қаулы қабылдады.

Нәтижесінде 15.08.2017 жылы Атырау облысы бойынша департаментінің басшысының және Атырау қаласының прокурорының жоғарыдағы аталғандай назарына аударылған жекеше қаулының орындалу барысында А. Бақтыбайқызының бұзылғын Конституциялық құқы мезгілінде қалпына келтіріліп, А.С. Сабитованың үстінен ҚР ӘҚБтК-нің 659-

Қазақстан Республикасының
Жоғарғы Соты
«29» 08 2017 ж.
10/15 Кіріс № 3664 Бет

бабының 1-бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылық хаттама толтырылып, негізінен қарау үшін Жылыой аудандық сотына жолданды.

Қазігі уақытта А. Бактыбайқызының отбасы жұбайы, қызы, жанұясымен бірге Атырау облыстық сотының торағасы Марғұлан Жұбанышұлы Бектұрғановқа адвокаты екеуін қазіргі құқтық мемлекет заманындағы талапқа сай, аса ыждағаттылықпен, аса мейірімділікпен жеке қабылдауында сыпайылық көрсетіп, құқтық мемлекетіміздің азаматтарының Конституциясымен бекітілген құқын сақтау принципін жоғары ұстағаны үшін және Атырау облыстық сотының азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының торағасы Комиршинов Манат Галымовичке және Атырау облыстық сотының судьясы Нуржанова Бағила Баймуратовнаға іс қараған кезде сот әділдігін өз деңгейінде жүргізгені үшін ризашылығын білдіріп отыр.

Демек, осының өзінен-ақ құқтық мемлекет заманында Атырау облыстық сотының ұжымына деген халықтың сенімнің артқандығы көрініп отыр. Жоғарыда аталған әкімшілік іс сияқты барлық істер осындай сапалы, әрі ҚР ӘҚБтК-нің аясында қаралғанда Республикадағы судьялар мен сот жүйесінің қызметкерлері алдағы уақытта да заң үстемдігін қамтамасыз етуге, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бар күш-жігерін салады деп біз бір ауыздан сенеміз.

Олай болса, А. Бактыбайқызы және оның сенімхат бойынша өкілі атынан Атырау облыстық сотының төрағасы Марғұлан Жұбанышұлы Бектұрғановқа, Атырау облысты сотының азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының торағасы Комиршинов Манат Галымовичке, Атырау облыстық сотының судьясы Нуржанова Бағила Баймуратовнаға алғысымызды айтып, отбасыларының берекелілігін, жанұяларының амандығын тілейміз.

Сенім хат бойынша өкіл: Т. Боранғалиев.